

# «Жомарт жан» төсбелгісін иеленді

**Сан жыл ұстаздық саласында еңбек еткен, бүгінде зейнеткер Бақытжамал апа ҚАЛТАЕВА мәртебелі марапатқа ие болды.**

Қазақстан Республикасында меценаттық және қайырымдылық қызметті дамытуға қосқан үлесі үшін Бақытжамал Аяғанқызы Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жомарт жан» төсбелгісімен марапатталды. Қазақстан Республикасының Президенті – Қазақстан Халқы Ассамблеясының төрағасы Қасым – Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ қолы қойылған марапатты қала әкімі Әмірхан АСАНОВ салтанатты түрде табыс етіп, ел игілігі, ұрпақ тәрбиесі жолында жасап келе жатқан зор еңбегі үшін алғысын айтып, ақ тілегін жеткізді. Бақытжамал Аяғанқызы да еңбегінің еленіп, зор құрметке бөленіп жатқаны үшін жылы лебізін білдірді.



Бақытжамал ҚАЛТАЕВА соғыстың ушығып тұрған шағы 1943 жылы дүниеге келген. Бал дәурен балалық шағы соғыс дүрбелеңімен, соғыстан кейінгі қайта қалпына келтіру кезеңімен тұспа тұс келіп, қиындықтар көрген.

Алайда, оқуға құштарлығының арқасында білім алып, білікті маман атанды. Саналы ғұмырын ұстаздыққа арнады. Балабақшадан еңбек жолын бастап, мектеп, колледждерде сан жүздеген шәкіртті білім нәрімен сусындатты. Зейнетке шыққан соң да, бос отырмай, өмірлік тәжірибесін ұрпақ тәрбиесіне арнап келеді. Арқалық қалалық ардагерлер ұйымы жанынан жұмыс жасайтын «Ана дария» мектебінің төрайымы ретінде білім орындарында оқушылар – студенттермен кездесіп, олардың бойына ар – ұят, адамгершілік, кішіпейілдік сынды ізгі қасиеттерді сіңіруде зор еңбек жасап жүр.

"АРКАЛЫК ГИПРОЗЕМ" ЖШС (БСН 161240024612) өзінің жойылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Құсайынов көшесі, 3-үй, телефон: 87028828186.

ОО «АРКАЛЫК ГИПРОЗЕМ» (БИН 161240024612) сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Костанайская область, г. Аркалык, ул. Кусаинова, д. 3, телефон: 87028828186.